




**Тақырып: Қылмыстық  
құқық бұзушылықтың  
түсінігі және түрлері**

# Жоспар:

- 1) Қылмыстық құқық бұзушылық түсінігі және түрлері
  - а) Қылмыс, оның санаттары
  - б) Қылмыстық теріс қылық
- 2) Қылмыстық құқық бұзушылықтың өзге құқық бұзушылықтардан айырмашылығы

**Қылмыстық құқық бұзушылық:**  
Қылмыстық кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған кінәлі жасалған қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік).



# Қылмыстық құқық бұзушылық түрлері

Қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай:

Қылмыс

Қылмыстық теріс қылық

# Қылмыстың нормативтік анықтамасы (ҚР ҚК 10-баб. 2-бөл.):

- **ҚЫЛМЫС** – Қылмыстық кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған кінәлі жасалған, қоғамға қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік)

# Қылмыс белгілері:

Белгі	Мазмұны
Қоғамдық қауіптілік	Әрекеттің адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке шынайы зиян келтіруі немесе осындай зиян келтіру қатерін төндіруі
Кінәлілік	Әрекеттің қасақана немесе абайсызда жасалуы
Құқыққа қайшылық	Әрекеттің Қылмыстық кодексте көзделуі
Жазалылық	Айыппұл (500-10000 АЕК) Түзеу жұмыстары (500-10000 АЕК) Бас бостандығын шектеу Бас бостандығынан айыру Өлім жазасы

# Қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесіне қарай қылмыс санаттары:

- Онша ауыр емес қылмыстар
- Орташа ауырлықтағы қылмыстар
- Ауыр қылмыстар
- Аса ауыр қылмыстар

# Онша ауыр емес қылмыстар:

Кінә нысаны	Жаза мерзімі/мөлшері
Қасақана	Қылмыстық кодексте көзделген ең ауыр жаза екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын әрекет
Абайсызда	Қылмыстық кодексте көзделген ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын әрекет



# Орташа ауырлықтағы қылмыстар:

Кінә нысаны	Жаза мерзімі/мөлшері
Қасақана	Қылмыстық кодексте көзделген ең ауыр жаза бес жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын әрекет
Абайсызда	Қылмыстық кодексте көзделген ең ауыр жаза бес жыл бас бостандығынан айырудан асатын әрекет

# Ауыр қылмыстар:

Кінә нысаны	Жаза мерзімі/мөлшері
Қасақана	Қылмыстық кодексте көзделген ең ауыр жаза он екі жылға бас бостандығынан айырудан аспайтын әрекет

# Аса ауыр қылмыстар:

<b>Кінә нысаны</b>	<b>Жаза мерзімі/мөлшері</b>
<b>Қасақана</b>	<b>Қылмыстық кодексте көзделген ең ауыр жаза он екі жыл бас бостандығынан айырудан асатын немесе өлім жазасы көзделген әрекет</b>

# Қылмыстық теріс қылықтың нормативтік анықтамасы (ҚР ҚК 10-баб. 3-бөл.):

- **ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ** – қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделген, кінәлі жасалған әрекет (іс-әрекет не әрекетсіздік).

# Қылмыстық теріс қылықтың белгілері:

Белгі	Мазмұны
Қоғамдық қауіптілік	Әрекеттің адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтіруі немесе осындай зиян келтіру қатерін төндіруі
Кінәлілік	Әрекеттің қасақана немесе абайсызда жасалуы
Құқыққа қайшылық	Әрекеттің Қылмыстық кодексте көзделуі
Жазалылық	Айыппұл (25-500 АЕК) Түзеу жұмыстары (25-500 АЕК) Қоғамдық жұмыстарға тарту Қамаққа алу

# Қылмыс пен қылмыстық теріс қылықтың айырмашылығы

Қылмыс	Қылмыстық теріс қылық
Қоғамдық қауіптілік	Қоғамдық қауіптілік – болмашы зиян келтіру немесе осындай зиян келтіру қатерін төндіру
Кінәлілік	Кінәлілік
Құқыққа қайшылық	Құқыққа қайшылық
Жазалылық: Айыппұл (25-500 АЕК) Түзеу жұмыстары (25-500 АЕК) Бас бостандығын шектеу Бас бостандығынан айыру Өлім жазасы	Жазалылық: Айыппұл (500-10000 АЕК) Түзеу жұмыстары (500-10000 АЕК) Қоғамдық жұмыстарға тарту Қамаққа алу

Мына қылмыстық құқық бұзушылықтың түрін/санатын анықтаңыз:

- 102-бап. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру

—  
екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

# Мына қылмыстық құқық бұзушылықтың түрін/санатын анықтаңыз:

- 99-бап. Адам өлтіру
- 1. Адам өлтіру, яғни басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату – сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.



Мына қылмыстық құқық бұзушылықтың түрін/санатын анықтаңыз:

- 108-бап. Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не алпыс тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

Мына қылмыстық құқық бұзушылықтың түрін/санатын анықтаңыз:

■ 125-бап. Адамды ұрлау

1. Адамды ұрлау -

төрт жылдан жеті жылға  
дейінгі мерзімге бас  
бостандығынан айыруға  
жазаланады.

# Мына қылмыстық құқық бұзушылықтың түрін/санатын анықтаңыз:

- 104-бап. Абайсызда қазаға ұшырату
- 2. Абайсызда екі немесе одан да көп адамды қазаға ұшырату –
- бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазланады

Мына қылмыстық құқық бұзушылықтың түрін/санатын анықтаңыз:

■ 115-бап. Қорқыту

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не алпыс тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.